



Автор: Салимжанова Асель Жанадиловна

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Компьютер және қауіпсіздік

Тақырып: Интернетпен жұмыс жасау барысында қандай қауіп бар?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.4.2.1 Біреудің жұмысын көшіріп алудың заңсыздығын талқылау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Интернет түсінігімен, интернеттен ақпарат алу, браузер түрлері, электрондық пошта, қызметі, домендік атаулармен, интернетте жеке өзінің деректерінің, өзінің және бөгде жұмысының тұтастығының қауіпсіздігі болып табылатынын біледі . Оқушылардың басым бөлігі: Интернетпен жұмыс жасай алады. Интернетті қолдану барысындағы браузерлерді, құжаттарды атап, жіктей алады. Интернетте, бөгде жұмыстың көшірмесін алу заңмен жазаланатынын талдайды. Электронды пошта аша алады. Интернеттен бөгде жұмыстың көшірмесін алу заңмен жазаланатынын түсінеді. Кейбір оқушылар: Авторлық құқығының белгісін және осы белгінің жанында қандай ақпарат жазылатыны туралы талқылайды.
Тілдік мақсаттар:	Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер. Модем. Браузер. Домен, сеанс, электронды пошта, желі, аймақтық белгілер. Терминдермен жұмыс жасау. Amigo, Yandex, Google Chrome, Internet explorer, Safari, Android.(.kz; .ua; .us; .ru; .fr; .de;)
Күтілетін нәтиже:	- Оқушылар интернетпен, браузермен жұмыс жасай алады. - Интернетті қолдану барысындағы доменді атайды, электронды пошта құра алады. - Интернеттегі қауіп туралы және бөгде жұмыстың көшірмесін алу заңмен жазаланатынын біледі.
Бағалау критерийлері:	- Оқушылар интернетпен, браузермен жұмыс жасай алады. - Интернетті қолдану барысындағы доменді атайды, электронды пошта құра алады. - Интернеттегі қауіп туралы және бөгде жұмыстың көшірмесін алу заңмен жазаланатынын біледі.
Құндылықтарды дарыту:	Оқушыларды индустрияландыру ен инновацияларға негізделген экономикалық өсу-бұл біздің ең маңызды міндетіміз, Қазақстанның өңірлік және жаһандық бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Білім беру құндылықтарын, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілікке, ынтымақтастығын үнемі білім алуға бағыттау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Компьютер құрылғылары
Пәнаралық байланыс:	Құқық, физика
Бастапқы білім:	Бөгде жұмыстың көшірмесін алу заңмен кудаланатынын біледі

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5 минут)	<ol style="list-style-type: none"> I. Ұйымдастыру кезеңі: «Өрмекшінің торы» әдісі арқылы үй тапсырмасы мен сыныптағы психологиялық ахуалды біріктіріп өткізу. Сынып ішінде, оқушылар арасында жақсы ахуал тудырып, өткен тақырыпты қаншалықты түсінгендерін байқау. II Топқа бөлу. «Мозайка» әдісі арқылы суреттерді құрастыру. Екі топ әртүрлі браузер белгішесі бар сурет қиындыларын жинап, браузер қандай қызмет атқаратынын түсіндіріп өтеді. Қ.б. «Қол шапалақ» арқылы бағалау 	http://learningapps.org/1823626

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
<p>Сабақтың ортасы (30 минут)</p>	<p>III. Қызығушылығын ояту. «Сұрақ жауап» әдісі арқылы Миға шабуыл сұрақтары;</p> <ol style="list-style-type: none"> Интернет дегеніміз не? Провайдер дегенді қалай түсінесіңдер? Электронды пошта деген не? Интернетпен пайдалануда қандай қауіп болуы мүмкін? <p>- Ендеше бүгінгі сабағымыздың тақырыбы не туралы болады деп ойлайсындар?</p> <p>Мұғалім тұжырымдамасы: сонымен, бүгінгі сабақтың тақырыбы: Интернетті пайдалану барысында қандай қауіп бар.</p> <p>IV. Мағынаны тану. «Джигсо» әдісі арқылы екі топқа н беріледі, видео көрсетіледі таныса отырып талдайды.</p> <p>1 топ: - Интернет, браузер, домен, электронды пошта деген не және атаулары, қызметтері, пошта құрастыру жолдары қандай? Кез келген біреуден көшіру үшін өзінің үй жұмысын жіберуін өтіну; Кез келген біреуге өзінің құпия сөзін жіберу (қауіпсіздік)</p> <p>2 топ: - Интернеттегі қауіп және вирус. Вирус және антивирус түрлері мен атауларына шолу жасау. Интернеттен жүктелген құжаттарды вирусқа қалай тексереді? Кез келген біреудің фото суретін оның рұқсатынсыз жариялау (жеке өмірі); Банк шоттарын бұзу (компьютерлік алаяқтық) Сұрақтар талқыланады. Жауабын постерге түсіреді. Оқушыларға флипчарт, маркер, фломастерлер беріледі. Топ мүшелері постердегі жобаларын қорғайды.</p> <p>1 топқа арналған дискрипторлар.</p> <ol style="list-style-type: none"> Интернетті, браузерді аша алады. Доменді атап, электронды пошта ашу жолдарымен танысады . Пошта құру барысында логин құрып, құпия сөз деңгейін анықтап, құрастыра алады. Құпия сөзді жіберу қауіпсіз екенін түсінеді. <p>2 топқа арналған дискрипторлар.</p> <ol style="list-style-type: none"> Интернеттен келетін қауіп жолдарын біледі. Бөгде жұмыстың көшірмесін алу заңмен жазаланатынын біледі. Вирус және антивирус атаулары, түрлері туралы біледі. Вирусқа тексеріп антивируспен жұмыс жасай алады. <p>Қ. Б. «Бас бармақ» әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалайды</p> <p>V. Сергіту сәті:</p> <p>VI. Деңгейлік тапсырмалар</p> <p>А- деңгейі</p> <ol style="list-style-type: none"> Интернеттен «Алдар көсе» ертегісінің мәтінін тауып жүктеңдер. Компьютерді вирусқа тексеріңдер. <p>Орындаушыға арналған дескрипторлар:</p> <p>А- деңгейі</p> <ol style="list-style-type: none"> Браузерді тауып атай алады, ертегі мәтінін тауып жүктейді. Құжатты, (Загрузки) жүктелген құжаты бар буманы ашып құжатты тауып, аша алады. Компьютерді вирусқа тексере алады. <p>В - деңгейінің тапсырмасы</p> <ol style="list-style-type: none"> Компьютерде бар браузерді пайдаланып, өздеріңе электронды пошта жәшігін ашыңдар. Орындаушыға арналған дескрипторлар: <p>В- деңгейінің тапсырмасы</p> <ol style="list-style-type: none"> Mail.ru браузерді ашып (Регистрация нового ящика) «Жаңа жәшік тіркеу» аша алады. Жаңа терезеде «анкета» сауалнама толтыра алады. Құпия сөз деңгейін талдап, анықтап жаза алады. (Зарегистрироваться) «Тіркелу» арқылы тіркеліп аккаунт аша алады. Аккаунтты ашып поштаға түскен хаттарды оқи алады. <p>С- деңгейінің тапсырмалары</p> <ol style="list-style-type: none"> Интернеттен жүктелген «Алдар көсе» ертегісінің мәтінін электронды поштамен сыныптағы достарыңа жіберіңдер. <p>Орындаушыға арналған дескрипторлар:</p> <p>С- деңгейінің тапсырмасы</p> <ol style="list-style-type: none"> Жүктелген құжаттардан құжатты таба алады. Mail.ru поштасын ашып, құжатты жүктеп, жібере алады. <p>VII. Жұппен жұмыс «Сәйкестендіру» әдісі арқылы Орысша және ағылшынша терминдер арасындағы сәйкестікті орнатыңыз</p> <p>Браузер e-mail Домен browser Хабарламалар тақтасы domain Сеанс gateway Желі BBS Электронды пошта session Шлюз network</p> <p>Аты-жөні Өте жақсы Жақсы Жаман</p>	<p>http://learningapps.org/1823626</p>

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың соңы (4 минут)	Үйге тапсырма. Интернетті пайдалану барысында қандай қауіп бар тақырыбында Google-дан қосымша ақпарат жинау.	https://www.youtube.com/watch?v=IhxQV1-wQcw
Рефлексия (1 минут)	Кері байланыс: "Ойды аяқта" Оқушылар сабақ барысында тапсырмаларды орындады. Сұрақтарға жауап берді, талдау жасады, дәлел келтіре отырып сабақ мақсаттары мен оқу мақсаттарына жетті.	https://www.youtube.com/watch?v=IhxQV1-wQcw